

Г.А. Ильясова\*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан**(E-mail: G.Iliasova@mail.ru,**ORCID ID: 0000-0002-6289-8325, Scopus Author ID: 57197811182,**Researcher ID WOS: AAR-6742-2020)*

## **Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселелері**

Мақалада ғылыми зерттеу тақырыбының аясында Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндеріне жүргізілген салыстырмалы лингвистикалық-құқықтық сараптама қорытындысының нәтижелері талданған. Автор аталмыш заңның қазақ тіліндегі мәтіндегі заңдық терминдердің аудармаларының мағынасының сәйкессіздігіне, сөйлемдердің қате аудармасының нәтижесінде теріс түсінік беретін нормаларға назар аударады. Зерттеудің мақсаты — Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз етуді жүзеге асыру бойынша салыстырмалы лингвистикалық-құқықтық сараптама жүргізу нәтижелері бойынша заңдық терминдердің аудармасындағы сәйкессіздіктерді айқындау, заңдық терминологияның дұрыс аудармасын ұсыну болып табылады. Қазақ тіліндегі заңдық терминдердің ортақ біріздендірілген сөздігі қабылданбаған, сол себепті заңдардың мәтіндері әртүрлі терминдерді қолдана отырып аударылады, бұл құқық нормаларын қате түсінуге әкеледі. Зерттеу жүргізу барысында алынған нәтижелер мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру арқылы заңдардың сапасын қамтамасыз етуге болатынын дәлелдеп берді, сондай-ақ азаматтық заңдардың мемлекеттік тілдегі сапасын қамтамасыз етудің теориясы мен тәжірибесінің проблемаларын айқындау жолымен заңдық техниканы қолданудың тиімді механизмін қалыптастыру қажет. Мақалада автор заңдардың тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік тілдегі үлгі сөздігін құрастыру қажет деп қорытындылайды.

*Кілт сөздер:* заңдық терминология, теңтүпнұсқалық, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі, заңдық техника, мемлекеттік тіл, заң тілі, қазақ тілі, лингвистикалық сараптама.

### *Kipicne*

«Қазақстан-2050» Мемлекеттік бағдарламалық құжатының 3-ші басымдығы: «Үшінші. Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығы» және қазақ тілін жаңғырту аясында «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу қажет. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс» [1] деген Үкіметке тапсырылған міндетті қарастырады. Бұл міндет заңдардағы қолданылып жүрген заңдық терминологиялардың қазақ тілінде аударылу мәселесіне де қатысты деп санаймыз. Өйткені, заңдардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету — заңдардың қазақ тіліндегі сапасын қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік берер еді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасында заң қабылдау және оның тәжірибедегі қолданысын шындаудың басты қайнар көзі болып заңдарды қабылдаудың рәсімдерін саралау. Бізде көбінесе заң жобалары орыс тілінде қабылданып, кейін қазақ тіліне аударылу тәжірибесі белең жолға салынған. Бұл ҚР «Тіл туралы» Заңының 9-бабына қайшы келеді. Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аудару сапасына қатысты заң техникасымен байланысты келеңсіз мәселелер тәжірибеде жиі орын алып отырады. Қазақстандық құқықшығармашылық үрдісінде нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін қазақ тіліне аудару кезінде біртектес заңдық терминдерді қолдануға байланысты мәселелер әлі де шешімін таппай отырғандықтан, кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында заңгерлер әрқашан құқықтық нормаларды тәжірибеде қолданумен байланысты проблемаларды жиі кездестіріп отырады. Сапасыз заңдар практикада іске асырылмайды, себебі оның өзі түсініксіз жазылған болса. Мәселен, мәтін тікелей аударылады, соның салдарынан заңдық терминдердің мағынасы өзгереді, жалпыға танымал заңдық

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: G.Iliasova@mail.ru

терминдер бірнеше түрлі нұсқасында аударылады. Бұндай мәселелер құқық нормаларын теріс түсінуге және теріс түсіндіріп беруге әкеледі. Сондықтан, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру арқылы заңдардың сапасын қамтамасыз етуге қол жеткізуіміз керек деп санаймыз. Мақалада қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндеріне салыстырмалы лингвистикалық-құқықтық сараптама жүргізу нәтижелері талданады.

Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз етуді жүзеге асыру бойынша салыстырмалы лингвистикалық-құқықтық сараптама жүргізу нәтижелері бойынша заңдық терминдердің аудармасындағы сәйкессіздіктерді айқындау жолымен заңдық терминологияның дұрыс аудармасын ұсыну болып табылады. Осы мақсатқа сай келесідей міндеттер қойылады:

- заңның баптарына лингвистикалық сараптама жүргізу арқылы заңдық терминдердің бірнеше нұсқада аударылып, аудармасында мән-мағынасының бұзылуын айқындау;
- сөйлемдердің дұрыс аударылмауы салдарынан заңдық норманың мағынасының теріс берілуі тұстарын анықтау;
- ағылшын, француз, латын тілдерінен енгізілген заңдық терминдердің аударылмай қолданылуына мән беру;
- дұрыс емес аудармаларды түзету арқылы дұрыс аудармасын ұсыну жұмыстарын жүргізу.

#### *Әдістер мен материалдар*

Мақала тақырыбына зерттеу жүргізу барысында келесідей әдістер қолданылды: талдау, жалпылау, зерттеушілік, салыстырмалы-құқықтық, жүйелілік әдістері. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мақсатында лингвистикалық сараптама жасалып, нәтижелері талқыланды.

ҚР Азаматтық процестік кодексі, тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, заң техникасы мен тіл мәселесіне арналған заң ғылымы әдебиеттерінде, мерзімдік басылымдарда жарияланған отандық аудармашы-тіл мамандары мен тәжірибелі заңгерлердің, ғалымдардың, оның ішінде М.К. Сүлейменовтің, К. Юсуповтің, Ш. Құрманбайұлының, Д. Анарбектің, С. Сәрсенованың, Т. Ахметжанованың еңбектері зерттеудің материалдық негізін құрайды.

#### *Нәтижелер*

2015 жылы 31 қазанда қабылданған ҚР Азаматтық процестік кодексінің қазақ тіліндегі нұсқасын зер сала оқысақ, онда сөздердің қазіргі жазылу емлесін ескермеу, құқықтық мағынасынан гөрі көркем әдебиеттік сипаты басым сөздерді қолдану, стильдік үйлесімділіктің болмауы орын алған. ҚР Азаматтық процестік кодексінде «лица, участвующие в деле» деген ұғымдағы «лицо» сөзі заңның бүкіл мәтінінде «адам» деп аударылған. Сәйкесінше, «іске қатысатын адамдар» деген ұғым қолданысқа енгізілген. Кодексте «тұлға» ұғымының орнына «адам» деген ұғым енгізілген [2].

Тұлға ұғымы Рим жеке құқығында пайда болды. Рим жеке құқығында кез келген құқыққа қабілетті тұлға болып саналды. Азаматтық құқық теориясы бойынша азаматтық құқықтық қатынастарға қатысатын тұлғалар олардың субъектілері болып табылады. Азаматтық құқықтық қатынастар субъектілерінің шеңбері Азаматтық кодекстің 2-тарауымен анықталады [3].

Азаматтық құқық субъектілерін заңнамаларда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгілеу үшін әдетте «тұлғалар» деген жалпылама термин қолданылады.

Азаматтық құқықта адамдар жеке тұлғалар деп аталады. «Жеке тұлға» ұғымы Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қамтиды.

Адамдар құратын ұжымдық білім беру (ұйымдар), егер олар заңды тұлға мәртебесіне ие болса, азаматтық құқық субъектілері деп танылады.

Азаматтық құқықтық қатынастарда осы қатынастардың өзге қатысушыларымен тең негізде шығатын жеке және заңды тұлғалармен қатар мемлекет және әкімшілік-аумақтық бірліктер (облыстар, аудандар, қалалар және т.б.) азаматтық құқықтық қатынастардың қатысушылары бола алады (АК-нің 111 және 112-баптары).

Тиісінше, жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар), заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасы және әкімшілік-аумақтық бірліктер азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері бола алады [4].

Азаматтық процестік заң 43-бапта бекітілген іске қатысатын адамдардың құрамына: тараптарды, үшінші тұлғаларды; прокурорды; мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе осы Кодекстің 55 және 56-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтар; осы Кодекстің 302-бабында санамаланған сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен өзге де мүдделі адамдарды енгізеді.

Алайда, Азаматтық процестік кодекс (бұдан әрі – АПК) даудың тараптары ретінде талап қоюшы мен жауапкерді танитын болса. «Талап қоюшы ретінде өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап талап қою берген немесе өзге де тұлғалар оларды қорғап талап қою берген *азаматтар* мен *заңды тұлғалар* талап қоюшылар болып табылады» деп бекітілген (ҚР АПК-нің 47-бабы) [2]. Сонымен қатар, «өздеріне талап қою берілген азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкерлер болып табылады. Заңда көзделген жағдайларда, заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар да тараптар болуы мүмкін. Азаматтық процесте мемлекет тарап болуы мүмкін» деп жазылған (ҚР АПК-нің 47-бабы) [2].

Демек, заңшығарушы жеке тұлғаны, заңды тұлғаны да, мемлекетті де азаматтық процестік құқықтың субъектісі ретінде — іске қатысушы адам деп атап, «адам» деген қате ұғым қалыптастырған. Бұл азаматтық құқық теориясының ережелеріне қайшы келеді. Адам сөзі орыс тілінде «человек» деп аударылады. «Адам» — заңдық термин емес. Жалпы, азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында «лицо» — «тұлға» термині құқықтық қатынастың субъектісін білдіретін ұғым. Сондықтан, ҚР АПК-нің мәтініндегі барлық «адам» терминін «тұлға» деп ауыстыру қажет.

Заңшығарушы бір заңдық терминді бірнеше нұсқада жиі аударады. Мәселен, ҚР АПК-нің 175-бабының орысша мәтінінде «Мировое соглашение» деп аталады, ал қазақша аудармасында «Татуласу келісімі» деп жазылған. Ол 17-тарауда қарастырылған медиация, партисипативтік рәсімдердің қатарына кіретін татуластыру рәсімдерінің бірі. Алайда, 174-баптың 1-бөлімінің 2-ші абзацында заңшығарушы «Шақыруда тараптар татуласу рәсімі (*бітімгершілік келісім*, медиация, партисипативтік рәсім) шеңберінде дауды (жанжалды) шешу құқығын түсіндіре отырып, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары туралы, сондай-ақ осы Кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы хабардар етіледі» деп жазады, яғни «мировое соглашение» термині 174-бапта «бітімгершілік келісім» деп, 2-бөлімінде «татуласу келісімі» деп аударған. Бір терминді екі түрлі аудару арқылы жаңылыстырады. Сондықтан біз «бітімгершілік келісім» деп өзгертуді ұсындық. Себебі «мировое соглашение» сөздерінің дәл аудармасы «бітімгершілік келісім» болады.

ҚР АПК-нің мәтінінде «оформление» сөзі «рәсімдеу» деп аударылса, «процедура» термині «рәсімдеу» деп аударылған. Бір ғана әріптің ауысуымен екі түрлі сөзді түсіндірген. «Рәсімдеу» деген термин орыс тілінде «оформление» дегенді білдіреді, қазақ тілінде бұрыннан қолданылып жүрген сөз, ал «рәсімдеу» деген сөзді қайдан ойлап тапқан? Негізі, «процедура» — «procedere» латын сөзі ілгері жылжу деген мағына береді. Ендеше, процедура терминін аудармай, сол күйінде қалдыра беруге болар еді. Мәселен, «татуласу процедурасы».

Сол сияқты, шет тілінен енгізілген, соның ішінде рим құқығынан енгізілген, әлем тілдерінде өзгертілместен қолданылып жүрген заңдық терминдер де баршылық. Оларды да аударып, мән-мағынасын өзгертпестен заңдарда қолдана беруге әбден болады. Мәселен, «дубликат» — латын сөзі *duplicatus* — қосарланған деген мағына береді. Бұл терминді заңда «телнұсқа» деп аударған (ҚР АПК-нің 242-бабы). Сол қалпында «дубликат» деп қалдыру ұсынылады.

«Критерий» термині (ҚР АПК-нің 6; 99-баптары) — «өлшемшарт» деп аударылған. «Критерий» — грек сөзі ажырату қабілеті, өлшем деген түсінік береді, ендеше бұл сөзді де «критерий» деп өзгеріссіз қалдыру қажет.

«Интеллектуальная собственность» термині заңдарда «зияткерлік меншік» деп аударылып жүр. «Интеллект» — латын сөзі *intellectus* — түсіну, ұғыну, ақыл-ой деген мағынаны білдіреді. Жалпы, «интеллект» термині халықаралық термин болып табылады, сондықтан аударылмай, сол күйінде қалдыру ұсынылады. Яғни, «интеллектуалдық меншік» деп жазылуы тиіс. Сондай-ақ, ҚР Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлімінде) «интеллектуалдық меншік» деп жазылған (5-бөлім «Интеллектуалдық меншік құқығы») [5].

Азаматтық іс жүргізу заңнамасының қазақ тіліндегі мәтініне жүргізілген лингвистикалық-құқықтық сараптама нәтижелері бойынша бір баптың өзінде бір терминді бірнеше нұсқада аудару фактілері мәлім болды. Мысалы, ҚР АПК-нің 104-бабында 12)-тармағында «Движимое имущество» термині — «*жылжымалы мүлік*» деп аударылады, ал 13)-тармағында «жылжымайтын және

*жылжитын* мүлікті сатып алу-сату, кепіл, сыйға тарту шарттарын» деп жазылған. Жылжымалы сөзі выдвигной, передвижной деген мағына береді. Ендеше, заңдық терминдерді біріздендіру мақсатында «жылжитын мүлік» деп жазылуы дұрыс болады деген қорытындыға келеміз.

ҚР АПК-нің 503-бабында «подлинные акты» сөзі «төлнұсқа актілер» деп аударылған. Ал 68-баптың 5-бөлімінде сол «подлинник» сөзі «түпнұсқа» деп жазылыпты. Қазақ тілінде подлинник деген сөзді түпнұсқа деп аударатыны баршаға мәлім. Ендеше баптардағы «төлнұсқа» сөздерін «түпнұсқа» деп ауыстыру ұсынылды.

Байқағанымыз, заңшығарушы жаңалық енгізгісі келді ме, сөздердегі бір әріпті өзгерту арқылы әртүрлі мағына беретін жаңа терминдерді ойлап таба берген. Айталық, «оформление» — «рәсімдеу» және «процедура» — «рәсімдеу»; «дубликат» — «телнұсқа» және «подлинник» — «төлнұсқа»; «судебные расходы» — «сот шығыстары» және «издержки» — «шығындар» деп аударылған. Бұл әрбір терминге сәйкес әртүрлі терминді ойлап табу амалы терминнің, тіпті сөйлемнің мән-мағынасын түсініксіз етеді.

Қарастырылып отырған кодекстің 14-бабында «жестовой язык» — «ымдау тілі» деп аударылған. Орыс тілінен аударғанда «жест» сөзі дене қимылы дегенді білдіреді. Ымдау деген ауыз-екі тілдесуде қолданылатын сөз, түсінікті болу үшін «қимылмен түсіндіру тілі» деп өзгертуді ұсынамыз.

Сондай-ақ, ресми сөздерден гөрі, көркем әдеби сөздер қолданылған баптар да айқындалды. Атап айтқанда, «Мемлекеттік бажды қосымша төлеу» атты 105-бапта «Выводы суда» — «соттың түйіндері» деп аударылған. Ресми түрде «соттың қорытындылары» деген синонимін қолданған дұрыс.

226-баптың 2-бөлімінде «2. Решение состоит из вводной, описательной, *мотивировочной* и резолютивной частей» сөйлемі қазақ тілінде «2. Шешім кіріспе, сипаттау, *уәждеу* және қарар бөліктерінен тұрады» деп жазылған. Осы сөйлемдегі «мотивировочная часть» — «уәждеу бөлігі» аудармасын «дәлелдеу бөлігі» деп өзгерту туралы ұсыныс беріледі. Себебі заң тілінде бұл сөздің дәлелді деген синонимі кең қолданысқа ие. Бұл бөлімде «істің сот анықтаған мән-жайлары; соттың құқықтар мен міндеттер туралы түйіндері негізделген дәлелдемелер; соттың ол немесе өзге дәлелдемелерді қабылдау дәлелдері және сот басшылыққа алған заңдар қысқаша көрсетіледі» (226-баптың 5-бөлімі) [2]. Сәйкесінше, заңның мәтініндегі «мотивы» — «уәждер» аудармасы «дәлелдері»; «мотивировать» — «уәждеуге» аудармасы «дәлелдеуге»; «мотивированный судебный акт» — «уәжді сот актісі» аудармасы «дәлелді сот актісі»; «мотивированное определение» — «уәжді ұйғарым» аудармасы «дәлелді ұйғарым»; «мотивированное решение суда» — «уәжді шешім» аудармасы «дәлелді шешім»; «мотивированное постановление» — «уәжді қаулы» аудармасы «дәлелді қаулы»; «мотивированное заявление» — «уәжді арыз» аудармасы «дәлелді арыз»; «мотивированное письменное сообщение» — «уәжді жазбаша хабар» аудармасы «дәлелді жазбаша хабар»; «мотивированное заключение» — «уәжді қорытынды» аудармасы «дәлелді қорытынды» деп өзгертілуі тиіс [6; 129].

ҚР АПК-нің 106-бабының 3-бөлімінде «При принятии решения суд присуждает расходы, связанные с уплатой государственной пошлины, стороне, не в пользу которой вынесено решение» деген сөйлемдегі «присуждает расходы» сөздері — «тарапқа артады» деп аударылған. «Артады» деген сөз қазақ тілінде ресми сөз болып табылмайды, ол диалект ретінде қолданылатын сөз. Сондықтан, оның орнына «тарапқа тағайындайды» деп өзгерту қажет.

ҚР АПК-нің 68-бабы бойынша, орыс мәтінінде былай деп жазылған: «1. Каждое доказательство подлежит оценке с учетом относимости, допустимости, достоверности». Қазақ тіліндегі мәтінде былай деп жазылған: «1. Әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы ескеріле отырып бағалануға тиіс». Осы сөйлемдегі «достоверность» доказательства сөзі — дәлелдеменің «анықтығы» деп аударылған. Анықтық деген сөз — четкость, ясность деген мағына береді. Мағынасы жағынан «дәлелдеменің сенімділігі» деген ұғынуға жеңілірек.

«Исковое производство» — «талап қою ісін жүргізу» аудармасын «талап ісін жүргізу» деп өзгерту керек деп санаймыз. Өйткені, «иск» сөзі «талап» деген бір сөзбен ғана аударылады. Талап қою — предъявить иск деген сөзді ұғындырады.

Заңшығарушы азаматтық процестік кодексте заңдық терминдерді орыс тілінен қазақ тіліне қате аударып қана қоймай, сөздерді, тұтас сөйлемдерді де азаматтық процестегі ережелерге қайшы аударған. Соның салдарынан заңның мәтінінде бір ұғымды бірнеше атаумен атайды. Атап айтқанда, ҚР АПК-нің 151-бабы орыс тілінде «Отказ в принятии иска» деп аталады. 1-бөлімнің 2-тармағында «2) имеется вступившее в законную силу решение суда или определение суда *о прекращении производства по делу* по основаниям, предусмотренным настоящим Кодексом, вынесенное по спору между теми же сторонами, о том же предмете и по тем же основаниям» деп жазылған. Қазақ тілінде

«2) сол тараптардың арасындағы, нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі шығарылған дау бойынша, осы Кодексте көзделген негіздермен *іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы* заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот ұйғарымы болса;» деп жазылған. Бұл ереже АПК-нің 277-бабында *іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың* негіздерінің бірі ретінде «2) сол тараптардың арасындағы дау бойынша сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе талап қоюшының талап қоюдан бас тартуына немесе тараптардың татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді орнықтыруына байланысты *іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы* сот ұйғарымы болса» деп атап көрсетілген. Демек, заңшығарушы 151-бапта «іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот ұйғарымы» деп атайды, ал 277-бапта «іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарымы» деп екінші атаумен көрсетіп, жаңылыстырады. Прекращение сөзі – тоқтату деп аударылады, ал қысқарту – сокращение деп аударылады, сондықтан «іс бойынша іс жүргізуді тоқтату» деген ұғым қолданылғаны дұрыс.

Мұндай қате ҚР АПК-нің 247-бабының 2-бөлімінде де орын алған: «2. Шешімнің орындалуын бұру орындалған сот шешімі толық немесе бір бөлігінде күшін жойған және *іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы ұйғарым* немесе талапты қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылған жағдайда да жүргізіледі».

Тағы да 151, 277, 158-баптардағы «*о том же предмете и по тем же основаниям*» — «*сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша*» аудармасындағы нысана сөзін пән деген сөзбен ауыстырып, «*сол пән туралы және сол негіздер бойынша*» деп жазу қажет.

Тағы бір мысал, ҚР АПК-нің орыс тіліндегі мәтініндегі 298-бабының 1-бөлімінің екінші абзацында «Прокурор в случае *отклонения протеста* на несоответствующий закону нормативный правовой акт органом или должностным лицом, издавшим незаконный нормативный правовой акт, либо вышестоящим органом или должностным лицом обращается в суд с иском о признании нормативного правового акта незаконным» сөйлемі келесідей аударылып жазылған: «Заңға сәйкес келмейтін нормативтік құқықтық актіге наразылықты заңсыз нормативтік құқықтық актіні шығарған орган немесе лауазымды адам не жоғары тұрған орган немесе лауазымды адам *қабылдамай тастаған жағдайда* прокурор нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінеді». «Отклонение протеста» сөзінің «наразылықты қабылдамай тастау» аудармасы «наразылықты қайтарып жіберу» деп өзгертілді. Себебі наразылықты қабылдамай тастау – непринятие протеста деген мағына береді.

ҚР АПК-нің «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер» атты 305-бабының орыс тіліндегі мәтінінде келесідей ереже «2. Суд рассматривает дела об установлении фактов: 3) регистрации рождения, усыновления (удочерения), брака, *развода* и смерти» қазақ тіліндегі мәтінінде төмендегідей аударылған «2. Сот мынадай фактілерді: 3) тууды, бала асырап алуды, некеге тұруды, *ажырасуды* және қайтыс болуды тіркеуді» қарайды. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 16-бабының орыс тілінде «*Расторжение брака* (супружества)» атауы қазақ тіліне осылай аударылған «*Некені* (ерлі-зайыптылықты) *бұзу*» [7]. ҚР АПК-нің 305-бабында «некені бұзу» деген заңдық ұғымның орнына күнделікті қолданылып жүрген тұрмыстық сөйлеу лексикасының «ажырасу» деген сөзі қолданылған. Осының негізінде 305-баптағы «ажырасу» деген сөзді алып тастауды, оның орнына «некені бұзу» деп жазу ұсынылады.

#### Талқылаулар

ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңының 24-бабының 3-бөліміне сәйкес [8], нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Азаматтық процестік кодексінің мәтініне жүргізілген салыстырмалы лингвистикалық-құқықтық сараптама бұған дейін жүргізілген автордың өзінің және басқа да ғалымдардың еңбектеріндегі көзқарастарға талдау жүргізу негізінде орындалды.

Бұған дейін жүргізілген сараптамалардың нәтижелері қарастырылып [6; 129-130], бұл мақалада терминдердің, сөйлемдердің қате аудармаларының орнына енгізілген дұрыс аудармалар негізделді.

Бірізділік қағидасын сақтау мақсатында шет тілінен алынған терминдерді заңдарда аудармай сол қалпында қолдану туралы пікірді қолдаймыз. «Қазақ тілі — бай тіл болғандықтан көптеген синонимдерді қолданып, шет тілінен енгізілген терминдерді аударамыз деп оның мән-мағынасын өзгертіп алуымыз мүмкін. Керісінше, шетел терминдерін өзгертпестен сол қалпында қолдансақ, одан тіліміз байи түсер еді деген ойдамыз» [9; 126]. Шетел заңдарына жүргізілген салыстырмалы-

құқықтық талдаулар көрсеткендей, шетелдерде де халықаралық терминдер аударылмай, сол атауымен қолданылатыны белгілі болды. Мәселен, қазақстандық және өзбекстандық азаматтық заңнамаларда шет тілінен енгізілген терминдерді дәлме-дәл қолданудың себептері мынадай: «зандық терминологияның халықаралықтандырылуы, ол біздің мемлекетіміздің әлемдік қауымдастыққа енуі, оның ішінде мемлекеттер арасында сауда-саттық айналымын дамытумен түсіндіріледі; ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері мен өнертабыстылығы; ғылыми-құқықтық ой-өрістің белсенді дамуы; әртүрлі салалардағы белсенді ынтымақтастыққа байланысты отандық құқық нормаларының халықаралық құқық нормаларына сәйкестендіру қажеттілігі» [10; 110].

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының азаматтық заңнамаларында шетелдік түп тамыры бар заңдық терминдердің қолданылатындығын, қолданылатын шетел терминдері аударылмайтындығын, ұғымдарының ұқсас берілуін аңғарамыз [11; 112]. Сондай ақ, авторлар «азаматтық-құқықтық нормативтік актілердің мәтіндерінде пайдаланылатын тілдік құрылымдарды оңайлату арқылы кез келген мүдделі тұлғаға қарапайым және түсінікті етіп қалыптастыру қажет» деген пікір білдірген. Біз де бұл пікірге келісе отырып, заңның тілін күрделендірмей, кез келген азаматтың ұғынуына жеңіл болатындай заңдық терминдерді қолдану аталған мәселені шешудің бірден-бір жолы бола алады деген қорытындыға келеміз.

#### *Қорытынды*

Сонымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету бойынша келесідей мәселелер айқындалды:

1. Заңшығарушы ҚР Азаматтық процестік кодексінің қазақ тіліндегі мәтінінде жалпы құқық теориясына, соның ішінде азаматтық құқық теориясына қайшы келетін заңдық терминдерді қолданады. Атап айтсақ, «лицо» — «тұлға» терминін «адам» деген терминмен атау барлық дерлік қазақстандық заңнамада орын алған. Мақалада қателігі неде екендігі жазылды. «Тұлға» заңдық терминімен азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушы азаматты, заңды тұлғаны, мемлекеттік органдарды атаймыз. Олардың барлығы іске қатысушы тұлғалар, азаматтық процестің субъектілері болады. Сондықтан, субъект ретінде «адам» бола алмайды деген қорытындыға келеміз. Бұл мәселені шешудің жолы заңнамадағы барлық «адам» терминін «тұлға» деп өзгерту қажет.

2. Заңшығарушы бір заңдық терминді бірнеше нұсқада, синонимдерін қолдану арқылы жиі аударарды. Мәселен, «мировое соглашение» термині 174-бапта «бітімгершілік келісім» деп, 2-бөлімінде «татуласу келісімі» деп аударған. Бір терминді екі түрлі аудару арқылы жаңылыстырады. Сондықтан біз «бітімгершілік келісім» деп өзгертуді ұсындық.

3. Сөздердегі бір әріпті өзгерту арқылы әртүрлі мағына беретін жаңа терминдерді ойлап таба берген. Айталық, «оформление» — «рәсімдеу» және «процедура» — «рәсімдеу»; «дубликат» — «телнұсқа» және «подлинник» — «төлнұсқа»; «судебные расходы» — «сот шығыстары» және «издержки» — «шығындар» деп аударылған. Сол сияқты, ҚР АПК-нің 104-бабының 12)-тармағында «движимое имущество» термині — «жылжымалы мүлік» деп аударылады, ал 13)-тармағында «жылжитын мүлікті» деп жазылған. Жылжымалы сөзі выдвигной, передвижной деген мағына береді. Ендеше, заңдық терминдерді біріздендіру мақсатында «жылжитын мүлік» деп жазылуы дұрыс болады деген қорытындыға келеміз.

4. Заңшығарушы азаматтық процестік кодексте заңдық терминдерді орыс тілінен қазақ тіліне қате аударып қана қоймай, сөздерді, тұтас сөйлемдерді де азаматтық процестегі ережелерге қайшы аударған. Соның салдарынан заңның мәтінінде бір ұғымды бірнеше атаумен атайды. Айталық, азаматтық іс жүргізу құқығында бұрыннан қалыптасқан «іс бойынша іс жүргізуді тоқтату» деген ұғым бар, оны заңда ҚР АПК-нің 151, 247-баптарында «іс бойынша іс жүргізуді қысқарту» деп аударған.

Сол сияқты заңда із көркем әдебиет сөздері қолданылады, із тұрмыстық сөйлеу лексикасының сөздері қолданылып, заңның ресми тілі сақталмауда.

Сонымен, бұл мәселердің алдын алу үшін тағы да заңдық терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету қажет, ол үшін заңдық терминдердің мемлекеттік тілдегі үлгі сөздігін дереу қабылдау қажет деп қорытындылаймыз.

*Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша ИРН АР АР09259787 «Мемлекеттік тілдегі*

*нормативтік-құқықтық актілердің сапасын қамтамасыз етудің теориясы және тәжірибесі (азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамалары саласында)» тақырыбы бойынша ғылыми зерттеуді орындау шеңберінде дайындалды.*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.
- 2 Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>.
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_).
- 4 Гражданское право: учеб. для вузов (академический курс). — Т. 1 (гл. 1–15). [Электронный ресурс]. / Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. — Режим доступа: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30002463&pos=2;-106#pos=2;106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30002463&pos=2;-106#pos=2;106)
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_).
- 6 Ильясова Г.А. Қазіргі азаматтық іс жүргізу заңнамасында заңдық терминологияларды қолдану мәселесі / Г.А. Ильясова, Г.Б. Әсетова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. — 2021. — № 3 (103). — Б.127-134.
- 7 DOI 10.31489/2021 L3/127-134.
- 8 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>.
- 9 «Құқықтық актілер туралы». Қазақстан Республикасының Заңы. 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>.
- 10 Ильясова Г.А. Мемлекеттік тілдегі терминдерді азаматтық заңнамада қолдану мәселелері (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің мәтіні бойынша) / Г.А. Ильясова, Р.А. Тоқатов // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. – 2022. — № 2 (106). — Б. 123-129. DOI 10.31489/2022 L2/123-129.
- 11 Асетова Г.Б. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Азаматтық заңнамасындағы кейбір заңдық терминдеріне салыстырмалы талдау / Г.Б. Асетова, М.Т. Акимжанова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. — 2022. — № 2 (106). — Б.107-112. DOI 10.31489/2022 L2/107-112.
- 12 Әкімжанова М.Т. Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының азаматтық заңнамасындағы кейбір заңдық терминдердің анықталу ерекшеліктері / М.Т. Әкімжанова, Г.Б. Әсетова, А.К. Мұратова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. — 2021. — № 4(104). — Б.110-114. DOI 10.31489/2021 L4/110-114.

Г.А. Ильясова

## **Проблемы обеспечения аутентичности текстов на казахском и русском языках Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан**

В статье проанализированы результаты лингвистико-правовой экспертизы текстов на казахском и русском языках Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан в рамках темы научного исследования. Автор обращает внимание на несоответствующие по смыслу переводы юридических терминов, непонятные по смыслу нормы права в тексте данного закона, которые были закреплены в законе в результате неправильного перевода предложений на казахский язык. Целью исследования является выявление несоответствий в переводе юридических терминов по результатам проведенной сравнительной лингвистико-правовой экспертизы по обеспечению аутентичности текстов Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан на казахском и русском языках, предоставление правильного перевода юридической терминологии. Не принят единый унифицированный словарь юридических терминов на казахском языке, поэтому тексты законов переводятся с использованием различных терминов, что приводит к ошибочному пониманию норм права. Результаты, полученные в ходе проведения исследования, доказывают, что путем повышения статуса государственного языка можно добиться обеспечения качества законов, также необходимо сформировать эффективный механизм применения юридической техники путем выявления проблем теории и практики обеспечения качества гражданского законодательства на государственном языке. Автор приходит к выводу, что для обеспечения единообразия юридических терминов необходимо составить единый словарь юридических терминов на государственном языке.

*Ключевые слова:* юридическая терминология, аутентичность, Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан, юридическая техника, государственный язык, язык закона, казахский язык, лингвистическая экспертиза.

## Problems of ensuring authenticity of texts in Kazakh and Russian in the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan

The article analyzes the results of linguistic and legal expertise of texts in Kazakh and Russian of the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan within the framework of the topic of scientific research. The author draws attention to inappropriate translations of legal terms that are incomprehensible in the meaning of the rule of law in the text of this law, which were fixed in the law as a result of incorrect translation of sentences into Kazakh. The purpose of the research is to identify inconsistencies in the translation of legal terms based on the results of a comparative linguistic and legal expertise to ensure the authenticity of the texts of the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan in Kazakh and Russian languages, as well as to provide the correct translation of legal terminology. The unified dictionary of legal terms in the Kazakh language has not been adopted, therefore, the texts of laws are translated using various terms, and this leads to an erroneous understanding of the norms of law. The results of the study prove that by increasing the status of the state language, it is possible to ensure the quality of laws, in addition, it is necessary to form an effective mechanism for the application of legal technology by identifying problems in the theory and practice of ensuring the quality of civil legislation in the state language. The author comes to the conclusion that in order to ensure the uniformity of legal terms, it is important to compile a unified dictionary of legal terms in the state language.

**Keywords:** legal terminology, authenticity, Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan, legal technique, state language, language of law, Kazakh language, linguistic expertise.

### References

- 1 «Qazaqstan-2050» Strategiiasy. Qalyptasqan memlekettin zhana saiasi bagyty. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyñ Qazaqstan khalqyna Zholdauy, Astana q., 2012 zhylygı 14 zheltoqsan [Strategy "Kazakhstan-2050": a new political course of the established state. Message of the President of the Republic of Kazakhstan — Leader of the Nation N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, Astana, December 14, 2012] *adilet.zan.kz* Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> [in Kazakh].
- 2 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq protsestik kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyn Kodeksi 2015 zhylygı 31 qazandagy N 377-V QRZ [Civil procedural code of the Republic of Kazakhstan. Code of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2015 No. 377-V LRK.] *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq Kodeksi (Zhalpy bolim). Qazaqstan Respublikasynyn Kodeksi 1994 zhylygı 27 zheltoqsandagy N 268-XIII [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. Enforced by the Decree of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994.] *online.zakon.kz*. Retrieved from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51006061#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061#activate_doc=2) [in Kazakh].
- 4 Suleimenov, M.K., & Basin, Yu.G. (Eds.). (2003). *Grazhdanskoe pravo: uchebnik dlia vuzov (akademicheskii kurs)*. T. 1 (glavy 1–15) [Civil law. Textbook for universities (academic course).] Vol. 1, (Chapters 1-15). *online.zakon.kz*. Retrieved from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30002463&pos=2;-106#pos=2;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30002463&pos=2;-106#pos=2;-106) [in Russian].
- 5 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi (Erekshe bolim). Qazaqstan Respublikasynyn 1999 zhylygı 1 shildedegi N 409 Kodeksi [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part). Code of the Republic of Kazakhstan No 409 dated July 1, 1999]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_4](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_4) [in Kazakh].
- 6 Ilyassova, G.A., & Assetova, G.B. (2021). Qazirgi azamattyq is zhyrgizu zannamasynda zandyq terminologialardy qoldanu maselesi [The problem of using legal terminology in modern civil procedure legislation]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Quqyq seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. Law Series*, 3 (103), 127-134 [in Kazakh].
- 7 «Neke (erli-zaiptylyq) zhane otbasy turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2011 zhylygı 26 zheltoqsandagy N 518-IV Kodeksi [On Marriage (Matrimony) and Family. The Code of the Republic of Kazakhstan dated 26 December, 2011 No. 518-IV]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> [in Kazakh].
- 8 «Quqyqtq aktler turaly». Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2016 zhylygı 6 sauirdegi N 480-V QRZ [«On legal acts». The Law of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2016 No. 480-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1600000480\\_4](https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1600000480_4) [in Kazakh].
- 9 Ilyassova, G.A., & Toqarov, R.A. (2022). Memlekettik tildegi terminderdi azamattyq zannamada qoldanu maseleleri (Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksinin Erekshe boliminin matini boiynsha) [Issues of application of terms in the state language in civil legislation (according to the text of the special part of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan)]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Quqyq seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. Law Series*, 2 (106), 123-129 [in Kazakh].
- 10 Assetova, G.B., & Akimzhanova, M.T. Qazaqstan Respublikasy men Ozbekstan Respublikasynyn azamattyq zannamasyndagy keibir zandyq terminderine salystyrmaly taldau [Comparative analysis of some legal terms in the civil legislation of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Quqyq seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. Law Series*, 2 (106), 107-112 [in Kazakh].
- 11 Akimzhanova, M.T., Assetova, G.B., & Muratova, A.K. (2021). Qazaqstan Respublikasy men Turkiia Respublikasynyn azamattyq zannamasyndagy keibir zandyq terminderdin anyqtalu erekshelekteri [Features of definition of certain legal terms in the civil legislation of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Turkey]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Quqyq seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. Law Series*, 4(104), 110-114 [in Kazakh].